

Д.Р. Алдамжарова¹

¹Қазақ ұлттық хореография академиясы

(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

«ҚАЗАҚ БИІ» ПӘНІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

Аннотация

Мақалада автор «Қазақ биі» пәнінің даму жолы мен бүгінгі күнгі өзекті мәселелерін талқыланған. Сондай-ақ, автор, Қазақстандағы хореография өнерінен білім беру жүйесіндегі қазақ биінің оқытылу процесін қарастырған.

Түйінді сөздер: қазақ биі, би өнері, педагогика, ұлттық би өнері.

Д.Р. Алдамжарова¹

¹Казахская национальная академия хореографии

(Нур-Султан, Казахстан)

МЕТОДИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ И КОНЦЕПТЫ ПРЕДМЕТА «КАЗАХСКИЙ ТАНЕЦ»

Аннотация

В статье автор рассматривает актуальные проблемы и развитие дисциплины «Казахский танец», а также методику и процесс преподавания казахского танца в системе хореографического образования в Казахстане.

Ключевые слова: казахский танец, танцевальное искусство, педагогика, народный танец.

D.R. Aldamzharova¹

¹Kazakh National Academy of Choreography

(Nur-Sultan, Kazakhstan)

THE METHODOLOGICAL PRINCIPLES AND CONCEPTS «KAZAKH DANCE» SUBJECT

Annotation

The problems and development ways of Kazakh dance were discussed. The author provides methodology and teaching process of Kazakh dance in education system of choreographic.

Key words: Kazakh dance, dance art, pedagogy, national dance.

Хореографиялық пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесі ерекше оқу курсына қарастырады, курс тәжірибеге және оқыту үлгілері мен оқу технологиясына сүйене отырып құрастырылған. Бүгінгі таңда, Қазақстан жоғары оқу орындарындағы қазіргі заман технологиялары, дәстүрлі мәдениет негізінде ұлттық хореография және Отандық хореография өнерінің, педагогикалық, сахналық тәжірибелерге сүйенуі қажет. Сонымен қатар, қазақ биін меңгеруде педагогикалық көзқарас әлем деңгейіндегі хореография өнерінің жалпы заңдылықтары мен талаптарына сай болғаны жөн.

Олай болса, оқытушы қазақ биін оқытуды бастамас бұрын, ең бірінші өзінің оқушысын өмірде кездесетін әртүрлі жағдайлар мен ең қарапайым адам табиғатының органикалық шығармашылығын өмір тәжірибесі арқылы үйренуге баулуы тиіс. Бұл заңдылықтар барлығына бірдей. Олар адам шығармашылығының табиғатының үрдісі жөнінде айтады.

Классикалық бидің белгілі оқытушысы Н.Тарасов: «Бидің нақты техникасының сырын түсіну үшін, оқытудың «қарапайымнан күрделілікке» қатаң принципінің негізінде қадамдар жасалады. Сондықтан, оқушылар өткен қимылдарды нақты меңгеріп, игерсе ғана келесі күрделі қимылдарды меңгеруді бастауға болады. Бағдарламада берілген жаңа қимылдарды алдын ала дайындықсыз үйрену, орындау техникасын дұрыс меңгеру нақтылығының өсу жолын бұзады», – деп көрсеткен [1].

Қазақ би өнерінің педагогикалық тәжірибесінің аспектілерінің маңызды бір бөлігі, оқытушы мен оқушының шығармашылық тәртібінде. Оқытушының жалпы адамгершілік және шығармашылық өзіндік тәртібі сақталмаса – кәсіби жарамсыздық белгілерін көрсетеді.

Білімнің қалыптасуы, маманның іскерлік дағдысы бұл – тұлғаның ішкі және сыртқы, басқаруға бағынатын және басқаруға бағынбайтын, әлеуметтік және табиғи факторлардың қалыптасуы, тұлғаның кәсіби дағдыны меңгеру дайындығы, яғни ішкі сенімі мен ұғыну факторының дамуы, физикалық, психологиялық, әлеуметтік талаптардан хабардар болуы керек.

Егер адам өз мамандығының көзқарасымен өмірге қараса, оның кәсіби ойлау қабілеті қалыптасқан кезде ғана, кәсіби маман иесі бола алады. Тұлғаның кәсіби шеберлігін қалыптастыру, адамның болашақ мамандығының позитивті көзқарасын тәрбиелеу, қызығушылық, бейімділік, қабілеттілік, өзінің біліктілігін арттыруға дағдылану, өзінің рухани мұрат мақсаттарын, пікір-сенімдерін дамыту.

Басқаша айтқанда, мамандардың кәсіби-тұлғалық және олардың кәсіби білімдерінің қалыптасуы, дағды мен қабілетінің даму кезеңдерін біз олардың құзіреттілігі жөнінде айтамыз. Білім, дағды, қабілет, құзырет – бұл маманның әлеуметтік және кәсіби кемелденуі,

бір уақыттарда мамандығының арқасында кәсіби шеберлігі арқылы мақсатқа жетуі. Хореографтың дайындық үрдісінде кәсіби өнердің сахна шеберлері мен негізін қалаушылардың тәжірибесі үлкен роль атқарады.

Кәсіби және көркемөнерпаз ұжымдары орындап жүрген қазақ биі, әрдайым техникалық жағынан күрделеніп отырады, оның себебі басқа халық билерінің шебер айлалы әдістерін пайдалануында. Бірақ, сол мезетте өзіндік одан да күрделі, әсерлі амал тәсілдері ұмыт болып қалады. Жаңа заманғы кәсіби мамандар классикалық бидің дағдыларын қолданады. Сараптама көрсеткендей, классикалық би өнерінің мектебін дағдылау бір жағынан қазақ би қимылдарының колоритін жойып, оларға артық жеңілдік, жұмсақтық беріп, бір үлгіге салады. Сондықтан, сахналық билер фольклорлық қазақ биіне сәйкес келмейді. Қазақ билері ұлттық ерекшеліктерді көрсете отыра, мазмұны жағынан халықтық пластикамен, комбинациялар мен қимылдарға толы болуы қажет. Бір жағынан, халық биін орындау деңгейі жөнінде сөз қозғалса, классикалық би қимылдарының нақтылығы, қол және аяқ қалыптары, олардың соңғы кейіптері хореография өнерінің жалпы заңдылықтары мен канондарына сәйкес болуы қажет. Демек, би қимылдарының орындалу техникасы мен орындалу әдістемесін үйрену, міне ең бірінші мақсаттар негізіне хореография өнерін, әртүрлі жанрда үнемі дағдылау қазақ биін орындау тәжірибесінде негізгі мақсат болуы керек. Сонымен қатар, кәсіби сахна болсын, көркемөнерпаз сахнасында болсын, қазақ биінің функционалдылығы, жаңа кезеңде республика бойынша бірнеше өзгерістерге ұшырады. Бүгінгі күні, қазақ биінің эволюциялық дамуы мен жетілу бағытын аңғарып келеміз.

Ежелгі қазақ халқының ұлттық бірегейлігі мен ерекшеліктерін ұқыпты сақтай отырып, балетмейстерлер бай мәдени мұрамыздың негізінде техникалық дағды жетілдірудің табысты жолдарын шешуде. Сондықтан қазақ биі пәнін оқыту үрдісінде хореографиялық педагогикадағы әдістемелік принциптерді әрдайым сақтау маңызды. Олар:

1) Оқытудың ғылыми негізі. Ұлттық хореографияның оқушығармашылық мазмұнының үрдісі ғылыммен негізделген дүниежүзі хореография өнері, ұлттық хореография тарихымен қатар дәстүрлі би өнерінің пайда болуын, оның шығу тегін, әлеуметтік ортасын білу жүйесіне негізделген;

2) Оқытудың қол жетімділігі. Оқу материалы оқушының меңгеруіне жеңіл, саналы түрде игеру, қиындықты жеңіп, кәсіби міндеттерді жеңе білу, ой мен сананы, физиологиялық мүмкіндіктерін толық қолдану;

3) Оқыту жүйесі. Қазақ ұлттық хореографиясын жүйелі

түрде меңгеру тәжірибе жүзінде саналы түрде шығармашылықпен пайдалану болып есептеледі;

4) Тәжірибенің өмірмен байланысы қазақ ұлттық хореографиясын терең білуге және тәжірибе жүзінде қолдануға жол ашып, қалыптастырады;

5) Хореографтың саналылығы мен белсенділігі. Оқытушының хореография өнері жөніндегі білімі, оқыту әдістемесі және орындаушылығы дайын қалпында оқытушының бойына енбейтіні белгілі. Білім оқытушының басқаруымен студенттің оқып білуінің, тәжірибесінің нәтижесі болуы керек;

6) Оқытудың көрнекілігі. Кәсіби түсінікті жетілдіріп, сезім негізін құрайды. Ол – мұрағат құжаттары, бейне таспа материалдары, арнайы әдебиеттер, сабақ және жеке комбинациялар жазбалары болуы мүмкін;

7) Меңгеріп игерудің беріктігі. Хореография өнері жөніндегі негізгі түсініктерді ұзақ уақыт есте сақтап, орындау әдістемесін меңгеріп, оны өз бетінше тәжірибе жүзінде іске асыра білу;

8) Ұжымдық оқыту. Ұжымдық немесе топтастыра оқытумен қатар оның даралық және тұлғаның жеке психологиялық қасиеті оңтайлы үйлесімділік табады.

Қазақ биін оқу-шығармашылық үрдісі бірнеше өзара байланысқан бөлімдерден тұрады:

- оқу мақсатын нақты қою;
- жаңа білімді алу барысында оны өз бетінше жұмыс істеуде қолдана білу;
- алған білімін бекіту және дағдыны тәжірибе жүзінде іске асыру;
- оның орындалуын қадағалау.

Халық биін жалпы әдістемелі принциптер арқылы оқыту, оның үлкен кеңістікте әлем халықтар билерінің арасында мойындау мүмкіншілігін береді. Белгілі бір ұлттық бидің ерекшеліктері мен өзгешеліктерін айқындауға шек қойылмайды. Дегенмен, жалпы принциптердің оқыту әдістемесі әртүрлі би мәдениетінде көрініс табу керек және кең де терең меңгеруді ұмытпау қажет. Осыған орай хореографиялық білім мен хореография өнеріндегі ортақ заңдылықтардың негізінде қазақ биін оқыту әдістемесін бекіту мамандардың міндеті болып есептеледі. Ең бастысы, би түрлерін жаңғыртудағы талпыныс, ұмыт болған би пластикасы мен стильдерін меңгеруде классикалық бидің дәстүріне сүйене отырып, онымен байланыста болуын қадағалау қажет. Олай болса қазақ биін меңгеру кәсіби орындаушылық дағдыны қалыптастыру, классикалық биді терең меңгерумен қатар болуы – оның әдістемесі мен сахналық қағидалары, хореография өнерінің негізі деп білген жөн.

Халықтың басты ерекшеліктерін, хореография өнеріне ортақ заңдылықтарды, яғни академиялық классикалық бидің қағидаларын сақтағанда ғана мамандар өздерінің шығармашылық ойларын іске асыра алады. Мысалға, әртүрлі дененің иілуі «бүктелу» орындаушы сезінгендей орындалмай, классикалық бидің заңдылықтарына сәйкес келуі керек. Яғни дененің иілуі мен майысуы кезінде port de bras қимылына ерекше мән беру керек: иық – екі иық бір деңгейде, дененің жалғасы (бел, иық, мойын, бас). Сонымен қатар, бас, қол, аяқ ракурстарының, көзқарас қалыптары, айналу характері, орындау темпераменті қазақ би стилінде, ұлттық ерекшелікте орындалуы қажет.

Дағды мен іскерліктің пәнаралық байланысының қалыптасу үрдісі кезінде, қисынды құрылым және оқу шығармашылық үрдісінің негізі ұйымдастырылады. Классикалық би мен қазақ биінің арасында байланыс қажет. Жалпылай алғанда, педагогикалық тәжірибе мен қисындылықтың арқасында кәсіби білім беру үрдісінде қалыптасқан дүние. Бірақ, қол мен аяқ т.б. қалыптарының үйлесімділігі, классикалық би мен қазақ биін меңгерудегі байланыс, басқа да хореография өнерінің жанрларында қолданылады. Осы үрдісті қарастырып көрелік. Қазақ ұлттық хореографияны меңгеруден – классикалық бидің негіздерін меңгеру – денені, қол мен аяқты, port de bras түрлерін т.б. дұрыс қою. Қазақ би хореографиясының қимылдар сараптамасы, классикалық би негіздерінің фундаментіне сүйеніп, қазақ би қимылдарын негіздеуге және мінездеме беруге болады. Бірақ, кейбір қол білезігінің қалыптары, дене ракурстары т. б. әрине, қазақ ұлттық би пластикасына ғана тән болып келеді.

Мысалға, ерекше қол қалпы «домбыра», «өрнек», «үкі» және т.б. қимылдар терең ұлттық ерекшелік пен колорит мазмұнына ие. Қимылдарға әдістемелік мінездеме және қимылдарды жазу кезінде қазақ биінің терминологиясы қолданылады. Сондай-ақ, барлық халық билеріне классикалық бидің және халықтық-сахналық бидің терминологиясын қолдану тән. Сонымен қоса, тәжірибе көрсеткендей, классикалық және халықтық-сахналық билердің терминологиясын қолданған кезде, хореография өнерінің заңдылықтары мен талаптарына сай қазақ биін оқыту әдістемесінің құрылымы студенттердің хореография өнерінің жалпы заңдылықтарын нәтижелі меңгеріп, қабылдауға негіз береді. Ескере кететін болсақ, қазақ биінің ерекше қимылдарына классикалық бидің терминологиясы қолданылмайды, ол тек хореография өнерінің жалпы түсініктері мен талаптарын меңгеру кезінде қолданылады. Мысалға қазақ биінде II-ші қол қалпы классикалық би мен халықтық-сахналық бидегі II-ші қол қалпынан қол білезіктерінің ұсталуында ғана сәйкессіздік бар, қазақ биінің оқыту теориясы мен әдістемесін меңгерген кезде ойдан шығарып,

қол қалыптарына байланысты ерекше әдістеме құрастырудың қажеті жоқ. Бұндай жағдайда, оқытушы қазақ биіндегі II-ші қол қалпының классикалық және халықтық-сахналық билеріндегі II-ші қол қалыптарымен бірдей, бір айырмашылығы қолдың басы білезіктен кері қайырылып, алақан өзінен теріс қаратылған, саусақтары жинақы және жоғары қарап, кері тартылады деп түсіндіреді.

Қазақ биін, басқа да хореографиялық пәндерді меңгеруді бастамас бұрын, халық әуендері мен күйлер қажет. Бидің пластикалық мінездемесі, толықтай музыкалық тақырыптың ішкі психологиясына, әуеніне бағынышты болып келеді.

Жаңа замандағы ұлттық хореографияның дамуындағы педагогикалық міндеттер:

- нақты оқу материалының негізінде артық әдістемелік тәсілдерсіз, теңбе тең оқыту әдістемесі жүйесін қалыптастыру;
- қазақ ұлтын ғана емес оқыту әдістемесінің педагогикалық шарттарын анықтау;
- қазақ биін әлем би мәдениетімен қатар деңгейге шығару [2].

Қазақ биі - қазақ хореография өнерінің негізі. «Қазақ биі» пәні қазақ биі өнерінің тарихи тамырымен таныстырып, оның өзіне тән қайталанбайтын ерекшеліктеріне, ұлттық жарқын колоритіне сипаттама береді. Аталған пән қазақ биінің теориялық негіздеріне тоқтала отырып, орындау, оқыту әдістемесін үйретеді. Кәсіби білім беру оқу орындарында «Қазақ биі» пәні практикалық және теориялық сабақтар арқылы жүргізіледі. Қазақ халқының би өнерінің тарихын терең білу, теориясын меңгеру бидің лексикалық негізін құрайды, тақырыптық мағынасын көрсетеді, студенттердің білімділігін арттырады, шығармашылық және хореографиялық ұжымдарда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Костровицкая В.С., Писарев А.А. Школа классического танца. 3-е изд., испр./Науч.ред.И.А. Трофимова. – Л.: Искусство, 1986. – 261 с.
2. Изім Т.О., Кульбекова А.К. Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқулық. – Астана, 2012. – 191 б.

References:

1. Kostrovickaja V.S., Pisarev A.A. *Shkola klassicheskogo tanca*. 3-e izd., ispr./Nauch.red.I.A. Trofimova. – L.: Iskustvo, 1986. – 261 s. (In Russ.).
2. Izim T.O., Kul'bekova A.K. *Qazaq biin oqytudyn teorijasy men adistemesi*. *Oqulyq*. – Astana, 2012. – 191 b. (In Kazakh.).